

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Үмітімізден көз жазбау» деген тақырыпты қарастырамыз.

Кейбір адамдар орындай алмайтын уәделер беріп, бізге үміт сыйлауға тырысады. Біз мұны бос уәде деп атаймыз. Олар неге уәделерін орындай алмайтынын немесе орындағысы келмейтінін бізге айтпайды. Ал берген уәделері орындалмағанда, үмітіміз ақталмай, көңіліміз қалады.

Біздің Жаратқан Иеміз Иса ондай болған жоқ. Ол ешқашан бос уәде берген емес. Иса айтқандарының бәрін орындады. Шәкірттеріне не істеймін десе, соның бәрін жүзеге асырды. Сондықтан Оған сенім артуға болады. Матай жазған Ізгі хабардың 24:32–41-аяттарында Иса біздің үмітімізге қатысты болашақ оқиғалар туралы айтады.

«Інжір ағашынан сабақ алыңдар: оның шыбықтары жұмсарып, жапырақтары шыға бастағанда жаздың таяп қалғанын білесіңдер. Сол сияқты, сендер осы оқиғаларды көргенде Менің таяп есік алдына келіп қалғанымды білетін боласыңдар.

Сендерге шындығын айтамын: осы ұрпақ өлмей тұрып-ақ, мұның бәрі іске асады. Аспан мен жер жойылатын болады, бірақ Менің сөздерім еш жойылмайды.

Ал сол күннің, сол сәттің қашан болатыны не адам баласына, не көктегі періштелерге, не Құдайдың рухани Ұлына емес, жалғыз көктегі Әкеге ғана белгілі. Нұх пайғамбардың заманында жағдай қалай болған болса, Менің Билеуші ретінде көктен қайтып келетін кезімде де солай болады: топан судан бұрын, Нұх кемеге мінген күнге дейін адамдар (Құдайға мойынсұнбай) ішіп-жеп, әйел алып, қыздарын ұзатып өмір сүруде еді. Топан су басып, бәрін алып кетіп, қырып салғанша, олар ештеңені ұқпады. Мен Билеуші ретінде көктен қайтып келген кезде де осылай болады! Сол сәтте періштелер егіндікте жүрген екі адамның біреуін қабыл алып, екіншісін қалдырып кетеді. Олар бірге қол диірмен тартып отырған екі әйелдің де біреуін қабыл алып, екіншісін тастап кетеді».

Жаратқан Иенің осы тәлімінен үмітімізді дұрыс бағытта ұстауға көмектесетін бірнеше маңызды СӨЗДІ көреміз.

СЕНІМДІЛІК СӨЗІ үмітімізді дұрыс бағытта ұстауға көмектеседі. Исаның інжір ағашының жапырақ жаюы туралы айтқанына назар аударыңыз. Ол көктемнің қалай келетінін және жыл мезгілдерінің қалай ауысатынын жақсы білген. Сондықтан інжір ағашының бұтақтары жұмсарып, жапырақтары шыға бастағанда, жыл мезгілінің ауысып жатқанын түсінетінімізді айтты. Бұл жаздың жақындағанын білдіреді.

Әлемнің кейбір аймақтарында жыл мезгілдерінің ауысуы Қасиетті жердегідей анық байқалмайтынын түсінемін. Бірақ Иса сол жерде тұратын адамдарға жыл мезгілдерінің ауысуын білдіретін нақты белгілердің бар екенін түсіндірді. Інжір ағашы жапырақ жая бастағанда, олар жыл мезгілінің ауысып жатқанын білетін.

Содан кейін Иса: «Сол сияқты, сендер осы оқиғаларды көргенде Менің таяп есік алдына келіп қалғанымды білетін боласыңдар», — деді. Осы аяттардың алдында Иса белгілі бір уақытта құдіретпен және салтанатты ұлылықпен келетінін айтқан еді. Сондықтан осы оқиғалардың орындала бастағанын көргенде, Оның қайта келетін уақытының жақындағанын білуіміз керек.

Бұдан кейін Иса інжір ағашының жапырақ жаятын мезгілі туралы мысалын: «Осы ұрпақ өлмей тұрып-ақ, мұның бәрі іске асады», — деген сөздермен жалғастырды. Менің түсінуімше, Иса осы оқиғалардың басталғанын көрген ұрпақ олардың толығымен жүзеге асқанын да көреді деп үйретті.

Исаның тағы не айтқанына мұқият назар аударыңыз: «Аспан мен жер жойылатын болады, бірақ Менің сөздерім еш жойылмайды». Сондықтан біз Исаның сөздеріне толық сенім арта аламыз. Мен мұны сенімділік сөзі деп атаймын.

БЕЛГІСІЗДІК ТУРАЛЫ СӨЗ де үмітімізден көз жазбауға көмектеседі. Иса сол күн мен сәттің нақты қашан болатынын ешкімнің, тіпті көктегі періштелердің де білмейтінін түсіндірді. Оның қайта келетін нақты уақытын жалғыз Әке ғана біледі. Сондықтан біреулер бізге Оның пәлен күні келетінін айтса, олардың не туралы айтып тұрғанын білмейтінін түсінуіміз керек. Өйткені Иса бұл уақытты тіпті періштелердің де білмейтінін айтты.

Дегенмен Иса сол кездегі жағдайдың қандай болатынын білдіретін нақты белгілер бар екенін айтты. Ол өткен заманға назар аударып: «Нұх пайғамбардың заманында жағдай қалай болған болса, Менің Билеуші ретінде

көктен қайтып келетін кезімде де солай болады», — деді. Содан кейін Иса топан судың алдында адамдардың қалай өмір сүргенін сипаттады: «Адамдар ішіп-жеп, әйел алып, қыздарын ұзатып өмір сүруде еді». Басқаша айтқанда, күнделікті тіршілік әдеттегідей жалғасып жатты. Олар алда болатын оқиғаға аса алаңдаған жоқ. Иса мұның Нұх кемеге мінген күнге дейін жалғасқанын айтты. Топан су келіп, бәрін алып кеткенше, олар ештеңені түсінбеді.

Иә, мұнда біз үшін белгілі бір беймәлімдік бар екенін көріп тұрмыз. Кеменің ішінде болған адамдар ғана қауіпсіздікте қалды. Оның қашан болатыны бізге белгісіз, ал Әкеге анық белгілі. Демек, бізде сенімділік сөзі де, белгісіздік туралы сөз де бар. Бірақ біз Оның қамқорлығына сеніп, тыныштық табамыз.

БӨЛІНУ ТУРАЛЫ СӨЗ үмітімізден көз жазбауымыз керектігін ескертеді. Исаның мына сөзіне тағы бір рет назар аударыңыз: «Нұх пайғамбардың заманында жағдай қалай болған болса, Менің Билеуші ретінде көктен қайтып келетін кезімде де солай болады». Кеменің ішінде болған адамдар ғана қауіпсіздікте қалды. Топан су келгенде, кеме су бетіне көтеріліп, ішіндегі адамдар аман қалды. Ал кеменің сыртында қалғандарды топан су алып кетіп, олар қаза тапты. Осылайша дайын болғандар мен дайын болмағандар, кеменің ішінде болғандар мен сыртында қалғандар бір-бірінен бөлінді.

Содан кейін Иса Адам Ұлы келген кезде не болатынын түсіндіруді жалғастырды: «Сол сәтте періштелер егіндікте жүрген екі адамның біреуін қабыл алып, екіншісін қалдырып кетеді. Олар бірге қол диірмен тартып отырған екі әйелдің де біреуін қабыл алып, екіншісін тастап кетеді». Бұл жерде адамдардың бір-бірінен бөлінетіні анық айтылған. Адам Ұлы қайта келген кезде бәрі бірдей дайын болмайды. Дайын болғандар қабыл алынады. Бейнелеп айтқанда, олар Нұх, оның үш ұлы және келіндері сияқты кеменің ішінде қауіпсіздікте болады. Олар құтқарылды. Ал қалғандары сыртта қалып, өлімге ұшырады.

Қымбатты досым, бұл сөздер өте маңызды. Інжір ағашы жаздың жақындағанын көрсетеді. Бұл — сенімділік сөзі. Періштелердің Оның қашан келетінін білмеуі — белгісіздік туралы сөз. Бұл оқиға қашан болса да, біз оған дайын болуымыз керек. Нұхтың басынан өткен оқиға белгілі бір уақытта адамдардың бөлінетінін көрсетеді. Сол уақыттың қашан келетінін жалғыз Әке ғана біледі. Сондықтан үмітімізді Жаратқан Иеге бағыттауымыз керек. Өйткені Ол келе жатыр!